

Ортақ етіс

Ортақ етіс деп қимыл, іс-әрекеттің бірнеше субъекті арқылы іске асатынын, яғни бірнеше адамның қатысуымен орындалатын білдіретін етіс түрін айтамыз. Ортақ етіс етістік түбірлеріне *-ыс*, *-іс*, *-с* қосымшасының жалғануы арқылы жасалады.

Ортақ етісті қимыл, іс-әрекет субъектілерінің қимылға ортақтығы тең дәрежеде болмайды. 1-ші субъект негізгі қимыл иесі болса, екінші де үшінші, төртінші және т.б. субъектілер ол әрекетке көмектесуші, болысушы болып келеді. Мысалы, М.Оразов та бұл туралы «амал-әрекетті орындаушының біреуі негізгі, екіншісі соған қосалқы, көмекші болады да, амал-әрекеттің орындалуына көмек бергендігі байқалады» дейді [Оразов, Етістік, 2001, 41б.]. Мысалы, *астық жинасты*, *қой қырқысты*, *шөп шабысты* дегенде 1-ші субъект – астық жинап жатқан, қойды қырқып жатқан, шөп шауып жатқан бастамашы әрекет иесі (иелері), ал 2-ші не 3-ші субъект т.б. – сол әрекетке көмектесіп, ортақ әрекетке қосылушылар. Шын мәнінде, осылайша, амал-әрекетке субъектілердің қатысы тең дәрежеде болмаған жағдайда ортақ етіс формасы жасалады. Ал амал-әрекетке субъектілердің қатысы тең дәрежеде болғанда, ондай етіс тұлғалы түбір етістіктер туынды етістік тудырып, жаңа сөз жасайды. Мысалы, *сөйлесті*, *ұрысты*, *атысты*, *табысты* тәрізді сөздерде амал-әрекетті орындауға қатысушылар бірнешеу болып, алдыңғы сөздерге ұқсас болғанмен, олар әрекетке бірдей дәрежеде қатысады. Бұл сөздерде екінші бір әрекетке көмектесу, болысу мәндері жоқ, сондықтан да әрекет бастамашысы мен әрекетке қосылушылар болып бөлінбейді, керісінше, субъектілер ортақ әрекетке түсушілер болып табылады. Бұл сөздер (*сөйлесті*, *ұрысты*, *атысты*, *табысты*) әуел баста ортақ етіс тұлғаларының жалғануы арқылы жасалған ортақ етіс формалы етістік болған, тұрақты қолданыла келе, қимылды білдіретін сөздер жасап, түбір семантикасының жалпылануы арқылы (сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі) конверсияланып, туынды етістік атауларына айналған. Демек, *жинасты*, *қырқысты*, *шабысты* деген етіс тұлғалы етістіктер мен *сөйлесті*, *ұрысты*, *атысты*, *табысты* деген туынды етістіктерді бір қатарда алып қарауға болмайды. Алдыңғылары – морфологияның, кейінгі мысалдар – сөзжасамның объектісі болып табылады. Осы мысалдардағы *қырқысты* сөзіне түбір білдіретін лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарына қарай екі тұрғыдан келуге болады. Мысалы, *ұрсысу*, жанжалдасу мағынасындағы *қырқысу* етістігі болса, онда бұл сөз – сөзжасамның нысаны, ал қой қырқуға көмектесу мағынасындағы ортақ етіс формалы етістік (*қырқысу*) болса, онда ол – морфологияның нысаны, біріншісінде – туынды сөз, екіншісінде – етістік формасы болып табылады. Мұндай ортақ етіс тұлғалы жаңа туынды сөздер тілімізде баршылық: *танысу*, *көрісу*, *айтысу*, *қабысу*, т.б.

Ортақ етіс қосымшалары салт етістікке де, сабақты етістікке де жалғанып, ортақ етіс жасай береді, яғни етістің басқа түрлерінен сабақтылық-салттылық сипатқа бейтарап болуы негізінде де ерекшеленеді.: *олар хат жаз-ыс-ып тұрады, қонақтар жайғасып отыр-ыс-ты, ол бізге үй сал-ыс-ты* т.б. *осы мысалдардағы жаз, сал етістіктері – сабақты етістіктер де, отыр етістігі – салт етістік.*

Ортақ етіс пен өзгелік етістің семантикасында мынандай бір ұқсастық бар: екеуі де қимылдың, іс-әрекеттің бір субъекті емес, бірнеше субъекті арқылы орындалатынын білдіреді.

Тілімізде осы қосымшамен омонимдес қосымшалар да бар. Ол – етістіктен зат есім жасайтын *-ыс/ іс, -с* жұрнақтары (*байланыс, жиналыс, көрініс, тойтарыс, құрылыс, құбылыс, жарылыс, өзгеріс* т.б.). Етістіктен зат есім тудырушы *-ыс/іс/с* жұрнағы қазақ тіліндегі осы сияқты *-ыш/іш/ш* жұрнағымен де ұқсас (*қуаныш, жұбаныш, төсеніш, сағыныш*).

Осы сөзжасам қосымшалары сияқты ортақ етіс тұлғалары қимыл атауын білдіруге бейім тұрады (*жүріс, тұрыс, алыс, беріс, оқушының жазысы, жаңбырдың жауысы*) да, кейбіреулері сол арқылы заттық ұғымның пайда болуымен зат есім болып кеткен: *соғыс, айтыс, табыс, талас* т.б.

Ортақ етіс етістіктерге басқа етіс тұлғаларымен қабаттасып қолданыла алады. Мысалы: ортақ етіс + өзгелік етіс: *сөйле-с-тір, жина-с-тыр.*